Сонымен қатар 1.10 сынып оқушыларын, МАД тобының тәрбиеленушілерін мектепке ата – аналардың өтініштері мен **Егов және Мектеп Ситсен .кз** порталы бойынша қабылдау жүйеге қойылған.

ҰБТ қорытындысы бойынша мектеп бітірген 22 оқушының 21-і ҰБТ-ға қатысып орта балл 72,6 балл болды. Оның ішінде мектеп бітірген оқушылардың 36,4 пайызы(8 оқушы) грант иегері болған.

2021-2022 оқу жылындағы 11 сынып бойынша

ҰБТ нәтижелері.

р/с	Жалпы оқушы саны	ҰТБ қатысқан оқушы саны	Мектеп бойынша орта балл	Грант иегері	Ақылы жоғары оқу орына түскендер
1	22	21	72,6	8	12

2021-2022 оқу жылындағы ҰБТ- көрсеткіштері пәндер бойынша

р/с	Пәндер	орта балл	Өткен жылмен салыстырмалы өзгерісі	Тапсырған оқушы саны	Пән мұғлiмi
1	Қазақстан тарихы	8	-0,25	21	Орынбаева Ж.
2	Математикалық сауаттылық	8,4	+0,7	21	Ергебеков Е.
3	Оқу сауаттылығы	17,3	+0,1	21	Абдукаликова Б.
4	Биология	23,3	+0,3	4	Сисенгалиева Л.
5	География	18,8	+3	5	Турманов Б.
6	Химия	30	+4,8	1	Қаратай Ж.
7	Физика	14	+1,5	7	Иманова А.
8	Математика	21	+6	7	Ергебеков

10	Қазақ әдебиеті	19	+7	3	Абдукаликова Б.
11	Ағылшын тілі	27,5	+3	2	Абуова А
12	Дүние жүзі тарихы	18	-2	5	Орынбаева Ж

«Алтын белгі» белгісінің иегерлері – Алдан Нұрай Бауыржанқызы, Исмайл Шапағат Шойбекқызы, Мелдебек Жаксылық Берікұлы, Фатай Нурғиза Жасарқызы **«Үздік аттестат» иегерлері**- Бахыт Дина Ғалымжанқызы

2012-2022 ж.ж. аралығында орта мектепті бітірушілердің ҰБТ-ға қатысуы және оның нәтижелері туралы мәлімет.

Оқу жылдарының реті.	Бітірушілер саны	ҰБТ-ға қатысқаны	Қатысу %- ы	Мектептің орта балы	Грант иегерлері	Үздік аттестат	«Алтын белгі»	Ақылы жоо-ға түскендер	Колледже түскендер	90-140 балл жинағандар
2011-2012	50	45	90,0	54,3	4	-	-	7	9	-
2012 – 2013	47	36	77,0	69,3	10	1	1	13	13	6
2013-2014	47	31	66,0	78,6	13	2	1	10	17	9
2014-2015	48	33	68,7	68,7	6	1	-	10	9	5
2015-2016	29	24	82,7	76,9	12	1	1			6
2016-2017	35	21	60	71,2	10	2	2			2
2017-2018	49	44	90	71,8	21	5	2	13	5	7
2018-2019	39	32	82	73,8	19	1	3	16		6
2019-2020	34	34	100	68,5	15	1	2	12	4	5
2020-2021	37	36	97	76,1	14	1	3	16		9
2021-2022	22	21	95	72,6	8	1	4	12		4

**2022– 2023 оқу жылында оқу – тәрбие процесінің барысында педұжым алдына
қойылатын басты мақсат – міндеттері:**

1. ҚР Конституциясының 30-бабы мен ҚР Білім туралы Заңының 49-бабы 2-тармағының талаптарын жүзеге асыруды ерекше назарда ұстау, мектепке бекітілген шағын аудандар бойынша 5 жасар балалардың мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылуын, 6 – 18 жастағы балалардың 100% мектепке тартылуын қамтамасыз ету.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету.
3. Мектепте міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.
4. 2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аударылады:
 - ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
 - ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
 - ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
 - ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
 - ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.
5. Тәрбие жұмысының барысында баланың тұлғалық ерекшеліктері мен адамшылық қасиеттерін дамытып, қалыптастырудағы ата – аналар жауапкершілігін арттыру, «Бестік одақ» ықпалын күшейту және ішкі істер бөлімі қызметкерлерімен тығыз байланыста оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мен болдырмаудың тиімді жолдарын табу, қолдану.
6. 2022-2023 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы);

- «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);
- «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);
- «Мамандандырылған Білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік Кеңес туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы);
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы);
- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);
- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы);
- «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды

бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);

– «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);

– «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы»

(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы);

– «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы).

4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру

✓ Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру

✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу

✓ Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету

5. 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсының оқытуды жалғастыру

6. Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру

7. Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу

8. «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» жобаларын іске асыру

9. Мектептің материалдық – техникалық және оқу кабинеттерінің оқу – әдістемелік базасын жетілдіру, безендіру материалдарын жаңарту, бірыңғай үлгідегі ыдыстарға гүл өсіру, атаулы пән кабинеттерінің материалдық базасын күшейту.

10. Әдістемелік кеңес (ӘК), әдістемелік бірлестіктер (ӘБ) мәжілістер сапалы жоспарға сай өткізу, хаттамаларын арнайы жолға жазу және ұсыныстардың орындалуын кезекті мәжілістерде қарай дағдысын қалыптастыру.

11. Оқу жылының барысында «Озат тәжірибе мектептерінің» (ОТМ) жұмысын жолға қою, «Озат педагогикалық тәжірибелерді» (ОПТ) іздеп табу, зерделеп жинақтау мақсатында оқыту әдістерінің, жас мұғалімдер мектебі (ЖММ) арқылы жас педкадрларға практикалық көмек көрсету және жас мұғалімдер апталығын өткізуді жалғастыру.

12. Мектепшілік пәндер олимпиадасын онкүндік ретінде өткізу, жеңімпаздар іріктелген оқушыларды жүйелі дайындау, дарынды оқушыларды ғылыми жобалар мен басқа да интеллектуалды сайыстарға міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету.

13. Педкадрлардың өз лауазымдарымен пәндері бойынша педагогикалық – психологиялық білімдерін үнемі жетілдіруіне, оқушыға сеніммен қарап, қарым – қатынасын ізгілендіруге және олардың бойындағы жақсы қасиеттерді көре білуге ерекше назар аудару.

14. Әлеуметтік қорғау мен қолдауды қажет ететін әр түрлі санаттардағы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және қорғаншылық – қамқоршылық жасау шараларын одан әрі жетілдіру.

15. Мектеп әкімшілігі тарапынан ішкі бақылауды циклограммаға сәйкес сапалы жүргізу, бақылау нәтижелері бойынша коррекциялық жұмыстар ұйымдастыру және педкадрлардың жұмысын әр жарты жылдық бір рет диагностикалық карта бойынша балдық жүйемен бағалауды іске асыру.

16. Сыныптан тыс жұмыстар орталығының әр жарты жылдықта бір рет қорытынды мәжілістерін өткізу, жұмысын бағалау одан әрі жетілдіру. Спорттық жарыстар мен басқа да отаулар бойынша өтетін іс – шаралар кестесін жасау кестеге сәйкес жыл бойы жүйелі жұмыс жүргізу, орталыққа тартылмаған бірде – бір оқушы қалмауына қол жеткізу.

17. Оқушылардың тоқсан аралық және жазғы сауықтырылуы кезінде сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту, жетілдіру (бассейн, душ т.б. дайындау).

18. ОЖСБ – ға, 11-сыныптарды ҰБТ-ға дайындық жұмыстары бойынша іс – тәжірибе алмасу, дайындаудың әдіс – тәсілдерін жетілдіру, ата – анамен, ЖОО-мен байланысты және білім сапасының жоғары көрсеткіштеріне жету мүмкіндіктерін іздестіру (қажет болған жағдайда қашықтықтан жүргізіледі)

19. АӘД пәнін оқытуды, «Әскери – далалық оқу жиындарының» жоғары деңгейде ұйымдастырылуына баса назар аудару.

20. Жас өспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, қалыптастыруға, ҚР мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге ерекше көңіл бөлу.

21. Отансүйгіштік пен азаматтыққа, ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуді басты назарда ұстау, жерлігікті тарихи өлкетану материалдарын оқу тәрбие процесінде кеңінен қолдану, мектеп мұражайының тұрақты жұмыс кестесі бойынша қызмет етуін жүзеге асыру.

22. Мұғалімдердің, оқушылардың ақпараттық коммуникативтік құзіреттіліктерін арттыру.

23. 2022 – 2023 оқу жылында педұжымның шығармашылық – педагогикалық өзекті мәселесі: «Оқу–тәрбие үдерісінде ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» - деп белгіленсін

II Бөлім

ҚР Конституциясының 30 – бабы және «Жалпыға міндетті орта біліммен қамту» шараларына қатысты ҚР Білім туралы Заңының талаптарын жүзеге асыру.

Тамыз

1. 0-17 жас аралығындағы балалардың тамыз есебін алу.
2. Жалпыға міндетті орта біліммен қамту айлығын өткізуді ұйымдастыру.
3. Мектептің 2022-2023 оқу жылының басындағы титульдік тізбесін жасап, сынып комплектілерінің жобасын және оқушылар құрамына сандық, сапалық талдау жасау.
4. МАД, 1 – сыныптарға оқушыларды қабылдауды жалғастыру.
5. Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының, жартылай жетім және тұл жетім оқушылар тізімін қайта жасау, олардың жаңа оқу жылына дайындығының барысын тексеру, көмек беру жолдарын қарастыру, «Мектепке жол» акциясын өткізу.
6. Байқау күнін өткізу, оқушылардың жаңа оқу жылына дайындығын, оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейін тексеру және жаңа оқу жылындағы оқу-тәрбие процесіндегі режимімен таныстыру.

Қыркүйек

1. НОБД есебін толтыру қажетті мәліметтерді әрбір бөлім бойынша тиянақтап аяқтау.
2. Оқушылар қозғаласына байланысты тиісті өзгерістерден кейінгі сынып оқушыларының тізімін нақтылап, 2022 жылы 5-қыркүйекте бұйрықты шығару.
3. Мектепте сабақтың дәстүрлі (офлайн режимінде) оқытылуын ұйымдастыру.
4. Оқушылардың сабаққа қатысуын күнделікті тексеріп, оған талдау жасау және тиісті оқушылардың дәрігерлік байқаудан өтуін ұйымдастыру.
5. Сабаққа қатыспайтын сәтсіз отбасы балаларының тізімін алу. Ата-аналарымен кездесу және тиісті қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату.
6. Қыркүйек айында қашықтықтан оқытылатын сыныптарда сабаққа қатыспайтын оқушылармен тиісті жұмыстар жүгізу.
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу, болдырмау мақсатында ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, қоғамдық ұйымдар, ауыл биі, ардагерлер кеңесінің төрағасының қатысуымен жалпы мектептік ата-аналар жиналысын өткізу.

Қазан

1. Әр айдағы оқушылар қозғалысының есебін алып, олардың Күнделік kz журналдарында дұрыс рәсімделуін тексеріп отыру.
2. Оқыту, тәрбиелеу проблемалары бойынша тиісті ата-аналармен сұхбаттасу және психологиялық қызметтің ықпалын күшейту.
3. Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларға жәрдем ұйымдастыру.
4. Оқушылардың жеке іс-қағаздарын реттеу. Алфавит кітабының жүргізілуін тексеру.
5. Оқушылардың күзгі демалысын өткізудің жалпы мектептік жоспарын жасау.

Қараша

1. Оқушылардың сабаққа қатысуына үнемі бақылау жасау.
2. Оқушыларға құқықтық білім беру жайының барысын тексеріп, қадағалау.
3. Оқушылардың жеке іс-қағаздарын реттеу, алфавит кітабының жүргізілуі мен оқушылар туралы бұйрық кітабында оқушылар қозғалысының рәсімделуін тексеру.
4. Педагогикалық бақылаулардың I тоқсандық қорытындысын шығару.
5. Ата-аналар жиналысын өткізу.
6. Әлеуметтік – педагогтардың жұмысының I тоқсан қорытындысын талдау.

Желтоқсан

1. Оқушылардың сабаққа қашықтықтан қатысу жағдайына талдау жасап, сабаққа жиі қатыспаған оқушыларды анықтау және тиісті шаралар қолдану.

2. «ҚР Білім туралы» Заңы талаптарының орындалу барысын қадағалау. Шағын аудандардағы өзгерістердің есебін алу.
3. 1 % -к қор есебінен жетім, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына көмек беруді ұйымдастыру.

Қаңтар

1. АББ-ға жарты жылдықтағы оқушылар қозғалысы туралы есеп беру.
2. Шағын аудандар бойынша 0-17 жас аралығындағы балалар есебін алу, жалпыға бірдей міндетті орта біліммен қамту шараларын жүргізу.
3. Оқушылардың қысқы демалысын дұрыс өткізуге байланысты іс-шаралар жоспарын жасау.
4. Онлайн ата-аналар жиналысын өткізу.
5. Дене тәрбиесі, еңбек пәндеріне оқушылардың қатысуын тексеру.

Ақпан

1. «ҚР Білім туралы Заңының» талаптарын орындауды қамтамасыз етуде сынып жетекшілерінің атқарған жұмыстарының есебін алу.
2. Сабаққа жиі қатыспайтын оқушылардың ата-аналары мен тұрақты онлайн түрінде сөйлесу, отбасы жағдайларын әлеуметтік зерттеулер жүргізу.
3. Оқу – тәрбие мәселелері бойынша тиісті ата-аналармен кездесу өткізу.
4. Оқушылар қозғалысы бойынша есеп жүргізу. Оқушылардың жеке құжаттарын реттеу.

Наурыз

1. Оқушылардың көктемгі демалысын дұрыс өткізудің жоспарын жасау.
2. Оқушылардың сабаққа қатысуының 3 тоқсандық қорытындысына талдау жасау.
3. Ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру.

Сәуір

1. Оқу-тәрбие мәселелері бойынша тиісті ата-аналармен кездесу.
2. Бітіруші сыныптардың мамандық таңдауы туралы қорытынды жұмыстарды ұйымдастыру.
3. Оқушылардың сабаққа қатысуының сәуір айында қорытындысын шығару.

Мамыр

1. Шағын аудандар бойынша 0-17 жас аралығындағы мамыр есебін алу.
2. Жалпыға бірдей міндетті орта біліммен қамту шараларының нәтижелерін шығару.
3. Ата-аналардың қорытынды жиналысын өткізу.

Маусым

1. Негізгі мектепті бітірушілерге құжат беру.
2. Орта мектепті бітірушілердің «ҰБТ-ға» қатысуын ұйымдастыру.
3. Жалпыға бірдей орта біліммен қамту проблемаларына қатысты жаңа оқу жылындағы міндеттерді айқындау.

Мектеп директоры:

Е.Оспанов

Қ. Әбдалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп

III Бөлім

2022-2023 оқу жылындағы педкадрлардың орналасуы мен міндеттерінің бөлінуі.

1. Педкадрлардың 2022-2023 оқу жылындағы сағат жүктемелері.

P/с	Мұғалімдердің аты-жөні	Қызм. , штат бірлігі	Сағат саны	P/с	Мұғалімдердің аты-жөні	Қызм. , штат бірлігі	Сағат саны
1	Оспанов Ералы Ережепович	Директор 1,0	8	41	Иманбекова Дүйсенкул Шаукеновна	Мұғалім	16
2	Нуржанов Сапарғали Тасболатович	ДОТЖБО 1,0	7	42	Айтбаева Айгерім Төребекқызы	Мұғалім	14
3	Мұздыбаева Гүлзира Каденовна	ДОТЖБО 1,0	5	43	Сатышева Жанерке	Мұғалім	14
4	Байшанова Шолпан	ДОТЖБО 1,0	8	44	Турманов Бауржан Амирович	Мұғалім	16
5	Нарбаева Қалима Кадирбаевна	ДОТЖБО 1,0	8	45	Қалшабеков Бәкіртай Батырұлы	Мұғалім	8
6	Урисбаева Анар Камшибековна	Ұйым. педагог		46	Орынбаева Жазира Намазбаевна	мұғалім	15
7	Бойтанова Қалдықұл	декрет		47	Тагаев Жандарбек Абдималикович	Мұғалім	17
8	Пернебай Меруерт	Тәлімгер 1,0		48	Пазылова Сандұғаш Маликовна	Мұғалім	16
9	Мырзахметова Гүлнур Бахытовна	Пед. – психо 1,0	4	49	Ералиева Нағима Мусаевна	мұғалім	9
10	Арибжанова Жұлдыз Есенгельдиевна	Әлеуметтік педагог 1,0		50	Сисенғалиева Луара Кадиржановна	Мұғалім	21
11	Абдукаликова Балнур Ибрагимовна	мұғалім	19	51	Қараш Жұмағұл Әбдрашитқызы	Мұғалім	18
12	Джаксимаева Ұлбике	Пед. психо 0,5		52	Қаратай Жарқынбек Арапбайұлы	Мұғалім	16
13	Жұман Айгүл Дүйсенбекқызы	Дефектолог 1,0	2	53	Биходжаев Қуат Отымбаевич	Мұғалім	16
14	Дәрменова Нұрбақыт Ордабекқызы	Кітап. меңгерушісі 1,0		54	Қуанышбек Берік Мелдебекұлы	Мұғалім	12
15	Таукеев Марат Талапович	АӘД 1,0	6	55	Бектемисов Ербол Мергенбаевич	Мұғалім	12
16	Ақашабай Қайрат Жаңатайұлы	Жүйе әкімші. 1,0		56	Мырзакулова Кунсулу Калмахановна	Мұғалім	16
17	Омартай Гүлзабира Еркінбекқызы	мұғалім	21	57	Амангелдиев Самат Нұржігітұлы	Мұғалім	5
18	Нурманкулова Улжалғас Еримбетовна	мұғалім	22	58	Қазыбаев Серғазы	Мұғалім	5
19	Омарова Назгул Курмантаевна	Мұғалім	21	59	Таскулов Бақдаулет Қалдыбаевич	мұғалім	3
20	Идрисова Перизат Аманыллаевна	Мұғалім	16	60	Бекназаров Мақсат Икрашович	мұғалім	16
21	Жиренбаева Жанна	Әлеуметтік педагог 1,0		61	Иманова Айнагуль Ахметовна	Мұғалім	15
22	Дос Күләш Исламқызы	Мұғалім	16	62	Жорабекова Салтанат	Мұғалім	4
23	Жуманова Жанат Дүйсенбековна	Мұғалім	16	63	Таубаева Салтанат Ағзамхановна	Мұғалім	17
24	Раева Айгүл Салыбековна	Мұғалім	16	64	Түлебаева Райхан Скандаровна	Мұғалім	17
25	Жарылқадиева Айдана	Мұғалім	12	65	Умбеталиева Райхан Умирбековна	Мұғалім	17
26	Сабитова Ақмарал	Мұғалім	17	66	Жанбирова Баян Абилхановна	Мұғалім	17
27	Байшанова Айгерім	Мұғалім	16	67	Турганова Эльмира Абдибекқызы	мұғалім	17
28	Байшымырова Меруерт Анарбекқызы	Мұғалім	16	68	Бейсенбаева Камила Тағайбековна	мұғалім	17
29	Құдайбергенова Ақерке Сабитовна	мұғалім	19	69	Исакулова Гүлсара Ешанкуловна	Мұғалім	17
30	Арынова Жұлдызай Курманбековна	Мұғалім	18	70	Пернебаева Назым Абдиқаппаровна	Мұғалім	17
31	Келдибекова Ұлжан Мейрбековна	Мұғалім	19	71	Мейрбекова Лаззат Оразалиевна	Мұғалім	19
32	Бақтыбаева Ұлжан Жомартқызы	Мұғалім	19	72	Қуатова Айгүл Бексариевна	Мұғалім	17
33	Абуова Айнұр Сапаровна	Мұғалім	18	73	Кобеева Райхан Абдимахановна	Мұғалім	18
34	Нурсали Жанар Баходирқызы	мұғалім	16	74	Сәрсенова Гаухар Абидуллаевна	Мұғалім	17
35	Исабекова Насида	декрет		75	Абдиханова Ботагөз	Мұғалім	16
36	Шертимова Гүлмейрам Тасболатовна	мұғалім	20	76	Борханова Ұлбосын Жайлауовна	Мұғалім	24
37	Мирзахмедова Рабига Мықбаевна	Мұғалім	20	77	Сатынбекова Гаухар Балхибековна	мұғалім	24
38	Жұпарбек Ақтолқын Кенжебекқызы	Мұғалім	17	78	Әбдәкім Балжан	ҚББП 1,0	
39	Иманбердиева Айжан	Мұғалім	16	79	Мателиева	Бастауыш	16
40	Ергебеков Ерболат Иманалиевич	Мұғалім	16	80	Спабек Рамила	Орыс тілі	16

Қ. Әбдіәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп

2. 2022-2023 оқу жылындағы сынып жетекшілері.

Р/с	Сыныбы	Оқыту тілі	Жалпы оқушы саны	Ұлы	Қызы	Оның ішінде үйде оқитыны	Сынып жетекшісі
1	МАД-А	қаз.	17				Сатынбекова Г.
2	МАД-Ә	қаз.	17				Борханова Ұ.
МАД-А,Ә			34				
3	1-А	қаз.	19				Пернебаева Н.
4	1-Ә	қаз.	24				Мейірбекова Л.
5	1-Б	қаз	19				Бейсенбаева К
6	2-А	қаз.	24				Үмбеталиева Р.
7	2-Ә	қаз.	25				Көбеева Р.
8	3-А	қаз.	23				Жанбирова Б.
9	3-Ә	қаз.	20				Исакулова С.
10	3-Б	қаз.	21				Тұрғанова Ә.
11	4-А	қаз	21				Қуатова А.
12	4-Ә	қаз.	20				Сәрсенова Г.
13	4-Б	қаз	24				Түлебаева Р.
14	4-В	орыс.	10				Мателиева А.
1-4			250				
15	5-А	қаз.	28				Айтбаева А.
16	5-Ә	қаз.	26				Сатышова Ж.
17	6-А	қаз	21				Омартай Г.
18	6-Ә	қаз.	20				Жуманова Ж.
19	6-Б	қаз.	20				Абдукаликова Б
20	7-А	қаз.	25				Омарова Н.
21	7-Ә	қаз.	24				Шертимова Г.
22	8-А	қаз.	24				Нурмакулова Ұ
23	8-Ә	қаз.	24				Жұпарбек А.
24	9-А	қаз.	22				Абуова А.
25	9-Ә	қаз.	21				Құдайбергенова А.
26	9-Б	орыс	10				Сабитова А.
5-9			265				
27	10-А	қаз.	26				Таубаева С.
28	10-Ә	қаз.	27				Дос К.
29	11-А	қаз	20				Бекназаров М.
30	11-Ә	қаз	20				Тұрманов Б.
10-11			93				
1-11			608				

Мектеп директоры:

Е.Оспанов

Қ. Әбдіәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
3. 2022-2023 оқу жылында шағын аудандардағы 0-17 жас аралығындағы
балалар есебін жүргізіп, оқушылар қозғалысын бақылаушы педкадрлар

Шағын аудандар	Шағын ауданға қарасты көшелер	Жауапты бақылаушы мұғалімдер	Шағын аудандар
№1	Ж. Әбенов көшесі №21 үйден соңына дейін	Ералиева Н.	№1
№2	Ж. Әбенов көшесі №1-20 үйлер	Айтбаева А.	№2
№3	Д.Қонаев көшесі №21 үйден соңына дейін	Абдукаликова Б.	№3
№4	Д.Қонаев көшесі №1-20 үйлер	Спабек Р.	№4
№5	Қостай-ата, Ж.Жабаев көшелері	Нұрсали .Ж	№5
№6	П.Тәжібаева, Т.Рысқұлов көшелері	Жорабекова С.	№6
№7	Ы. Алтынсарин, С.Шаймерден	Иманбердиева А	№7
№8	Кенесары хан, М.Мақатаев көшелері	Джаксибаева У	№8
№9	С.Рахимов, Б.Тілешов көшелері	Бектемисов Е	№9
№10	Ақпан батыр көшесі (№59 үйден соңына дейін)	Мателиева А.	№10
№11	Ақпан батыр көшесі (№39-58 үйге дейін)	Арынова Ж.	№11
№12	М.Әуезов көшесі	Әбдіәкім Б.	№12
№13	М.Әуезов көшесі	Борханова Ұ.	№13
№14	Б.Момышұлы көшесі	Бойтанова Қ	№14
№15	Ә.Нышанов көшесі (батыс жағы)	Абуова А.	№15
№16	Ә.Нышанов көшесі (шығыс жағы)	Байшанова А.	№16
№17	С.Сейфулин көшесі, В.Объедков көшесінің қиылысына дейін	Жарылқадиева А	№17
№18	В.Объедков көшесінің қиылысынан солтүстікке қарай С.Сейфулин көшесінің соңына дейін	Сатышова Ж.	№18
№19	Қара-қия, Алтын бастау ауылдарынан және басқа көшелерден келген оқушылар есебін жүргізу	Маханова Б.	№19

Мектеп директоры:

Е.Оспанов

Қ. Әбдіәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
4. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестік жетекшілері

- | | |
|--------------------|--|
| 1. Нурманкулова Ұ. | – қазақ тілі және әдебиеті, музыка ӘБ |
| 2. Сабитова А. | – орыс тілі және әдебиеті, шет тілі ӘБ |
| 3.Пазылова С. | – тарих, география ӘБ |
| 4.Шертимова Г. | – математика, информатика ӘБ |
| 5.Таубаева .С | – физика, еңбек, сызу, бейнелеу ӘБ |
| 6.Мырзакулова К | – химия, биология, дене тәрбиесі, АӘД ӘБ |
| 7.Көбеева Р. | –бастауыш сыныптар ӘБ |

5. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік кеңес құрамы:

- | | | |
|------------------|-----------------|------------------------------------|
| Кеңес төрағасы : | С.Нұржанов | – мектеп директорының орынбасары ; |
| Кеңес мүшелері : | Г. Муздыбаева | – мектеп директорының орынбасары; |
| | Қ. Нарбаева | – мектеп директорының орынбасары; |
| | Ұ. Нурманкулова | – қазақ тілі пәнінің мұғалімі; |
| | А. Сабитова | – орыс тілі пәнінің мұғалімі; |
| | Б.Тұрманов | – тарих пәнінің мұғалімі; |
| | Г. Шертимова | – математика пәнінің мұғалімі; |
| | Р. Мирзахмедова | – математика пәнінің мұғалімі |
| | А. Иманова | – физика пәнінің мұғалімі; |
| | К. Мырзакулова | – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі; |
| | Р.Көбеева | – бастауыш сынып мұғалімі; |
| | Б.Әбдіәкім | – Қосымша білім беру педагогы |
| | М.Таукеев | – әскери жетекші |
| | А. Өрісбаева | -ұйымдастырушы педагог |
| | Ж. Арибжанова | – әлеуметтік педагог; |
| Кеңес хатшысы : | Г. Мырзахметова | – педагог – психолог; |

6. Аттестаттау комиссиясының құрамы

1. Е.Оспанов – комиссия төрағасы.
2. С.Нуржанов– төраға орынбасары
- 3 М. Бекназаров – мүшесі
- 4 Тұрманов Б– мүшесі
- 5 Тағаев-мүшесі
- 6 Ұ.Нұрманқұлова-хатшы

6.1.Сараптамалық кеңестің құрамы

1. Нурманкулова Ұ.	– қазақ тілі және әдебиеті, музыка ӘБ жетекшісі
2.Сабитова А.	– орыс тілі және әдебиеті, шет тілі ӘБ жетекшісі
3. Пазылова С.	– тарих, география ӘБ жетекшісі
4. Шертимова Г.	– математика, информатика ӘБ жетекшісі
5.Таубаева С.	– физика, еңбек, сызу, бейнелеу ӘБ жетекшісі

7. 2022-2023 оқу жылындағы оқу процесінде оқытудың жаңа технологияларын қолдануды үйлестіру мақсатында құрылған шығармашылық топ құрамы.

1. Г.Мұздыбаева – ДО, топ жетекшісі
2. Ұ.Нұрманқұлова – қазақ тілі пәні мұғалімі
3. Г.Шертимова - математика пәні мұғалімі
4. Ж.Қараш – биология пәнінің мұғалімі
5. Ж. Қаратай – химия пәні мұғалімі.
6. Б.Жанбиров – бастауыш сынып мұғалімі
7. А.Сабитова- орыс тілі пәні мұғалімі

Қ. Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі.

8. 2022-2023 оқу жылындағы «Сыныптан тыс жұмыстар орталығының» құрылымы және жетекшілер.

1. «Найзағай» өнер отауы:

- 1.«Еңлік - Кебек» драма үйірмесі – Н.Омарова
- 2.«Жас қалам» әдебиетшілер үйірмесі – Г.Омартай
- 3.«Көңіл толқыны» домбырашылар үйірмесі – П. Идрисова
- 4.«Жаңғырық» балалар хоры – А.Жұман, П.Идрисова
- 5.«Шұғыла» би үйірмесі – У.Джаксыбаева
6. «Оймақ» қолөнерші қыздар үйірмесі – С.Таубаева
- 7 «Қыл қалам» жас суретшілер үйірмесі – С.Таубаева
- 8 «Абай-Шәкәрім» әдеби-таным клубы – А. Өрісбаева , Ұ . Нұрманқұлова
- 9«Бесаспап» шебер қолдар ұлдар үйірмесі – М.Бекназаров

ІХ «Намыс» спорт отауы:

1. Футбол секциясы - Б.Тасқұлов
2. Волейбол секциясы – М.Таукеев;С. Амангелдиев
3. «Баскетбол» секциясы – Б.Қуанышбек; С.Қазыбаев
- 4 «Үстел теннисі» секциясы- Қ.Биходжаев
5. Жеңіл атлетика секциялары: жүгіру - Е.Бектемисов
6. «Тоғызқұмалақ» секция-К.Мырзакулова

Х «Жансарай» қоғамдық- таным отауы:

1. «Ақиқат» дебат клубы – Б.Әбдәкім
2. «Қыз - Жібек» қыздар клубы – Б.Абдухалықова-8-11 сынып
Ұ.Келдібекова 5-7 сынып
- 3« Жеті жарғы» болашақ заңгерлер клубы – Ералиева Н..
4. «Өлкетану» жас туристер және «Жас эколог» клубы – Тұрманов Б.
- 5.«Тілашар» үйірмесі – Сатынбекова Г
6. «Азамат» ұлдар клубы – 5-6 сыныптар - Е.Бектемисов
7-8 сыныптар - Ж.Қаратай, С.Амангелдиев
9-11 сыныптар – М.Таукеев, Б.Қуанышбек

ХІ «Ізденіс» ғылым отауы:

- 1.«Жас химик» химиктер үйірмесі– Қаратай Ж.
2. «Жас физик» физиктер үйірмесі- С. Жорабекова
3. «Жас математик»үйірмесі – Е.Ергөбеков
4. «Жас информатик» жас информатиктер үйірмесі- А.Иманбердиева
5. «Геродот» жас тарихшылар секциясы-Тағаев Ж
- 6.Жас шахматшылар клубы

**Қ. Әбдалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
IV Бөлім**

2021-2022 оқу жылындағы мектепшілік басшылық пен бақылау циклограммасы бойынша мектеп басшыларының міндеттер бөлінісі.

P/c	Тексерілетін мәселелер	сыныптар	мерзімі	жауаптылар	ескерту
1	Оқушылардың сабаққа қатысу сапасын тексеру.	МАД, 1-4, 5-11	күнделікті	ДО: Нарбаева Қ ДО: Байшанова Ш Кезекші әкімшілігі	Апталық, айлық мониторинг жасау
2	Оқушылардың және сынып бөлмелерінің санитарлық жағдайын тексеру	МАД, 1-4, 5-11	күнделікті	ДО: Нарбаева Қ. ДО: Байшанова Ш Мейірбикелер	Апта сайын жиында нәтижесін хабарлау.
3	Сынып журналдарының жүргізілуін тексеру	МАД, 1-4, 5-11,	Әр тоқсанда бір рет	Директор:Е.Оспанов ДО: С.Нуржанов ДО: Г.Мұздыбаева	Әр тоқсан соңында педкеңесте хабарлау
4	Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз етілуін тексеру	МАД, 1-4, 5-11,	жыл бойы	Директор: Е.Оспанов Кітапханашы: Н.Дәрменова	Әр тоқсан соңында педкеңесте нәтижесін қарау
5	Оқушылардың күнделіктерін тексеру	3 -4, 5-11	Әр тоқсанда бір рет	ДО: Қ.Нарбаева ДО: Байшанова Ш ДО: Г.Мұздыбаева	Әр ай соңында текс. Нәтижесін ДжК хабарлау
6	Оқушылардың дәптерлерінің жүргізілуін тексеру	МАД-4 5-11	ай сайын	ДО: С.Нуржанов ДО: Г.Мұздыбаева	ДжК хабарлау
7	Директорлық бақылау алу	2-11	Тоқсан сайын	Директор: ДО: С.Нуржанов ДО: Г.Мұздыбаева	Нәтижесін кезекті кеңесте хабарлау
8	Пән апталықтарында ашық сабақтарға ену , анализ жасау.	МАД-11	кесте бойынша	Директор: Е.Оспанов ДО: С.Нуржанов ДО: Г.Мұздыбаева ДО: Қ. Нарбаева ДО: Байшанова Ш	Пед кеңесте ДжК есебін тыңдау
9	Педкадрлардың педагогикалық қызметінің диагностикасын жүргізу.		Жыл бойы	ДО: С.Нуржанов ДО: Г.Мұздыбаева ДО: Қ. Нарбаева ДО: Байшанова Ш	Әр ж.ж. кезекті педкеңесте хабарлау
10	ОЖСБ-ға дайындықты ұйымдастыру және тексеру.	4-А,Ә,Б, 9-А,Ә	қыркүйек –сәуір	ДО: С.Нуржанов	Нәтижесін ӘК мәжілісінде талдау
11	ҰБТ-ға дайындықты ұйымдастыру және тексеру	11-А	Әр жұмада	Директор Е.Оспанов: ДО: С.Нуржанов	Кезекті кеңесте барысын талқылау
12	Пәндер бойынша білім сапасының деңгейіне басшылық пен бақылау жасау.	Физика, математика, еңбек, бейнелеу, сызу		Директор: Е.Оспанов	
		Орыс тілі, шет тілі		ДО: Байшанова Ш	
		Химия, биология, дене шынықтыру, АЭД, информатика		ДО: С.Нуржанов	
		Тарих, қоғамтану, география, бастауыш сыныптар		ДО: Г.Мұздыбаева	
		Қазақ тілі және әдебиеті, музыка, өзін өзі тану		ДО:Қ.Нарбаева	
13	Мамыр, тамыз есебінің жүргізілуін тексеру	0-17	Жыл бойы	ДО: С.Нуржанов	
14	Әлеуметтік – педагог жұмысына бақылау жасау	МАД-11	Жыл бойы	ДО: Қ. Нарбаева	
15	ӘБ жетекшілеріне басшылық пен бақылау жасау		Жыл бойы	ДО: С.Нуржанов	
16	Әдістемелік кеңестің жұмысына басшылық пен бақылау жасау		Жыл бойы	ДО: С.Нуржанов	
17	Педкадрларды білім жетілдіру курсынан өткізуді бақылау.		Жыл бойы	ДО: С.Нуржанов	
	Қосымша білім беру педагогының жұмысына басшылық пен бақылау жасау		Жыл бойы	ДО: Г.Мұздыбаева	
18	Медициналық қызмет, педагог-психолог жұмысына басшылық пен бақылау жасау.		Жыл бойы	ДО: Қ.Нарбаева ДО: Байшанова Ш	
19	Мектеп мұражайы		Жыл бойы	ДО: Қ. Нарбаева ДО: Байшанова Ш	
20	Қауіпсіздік ережелерінің, температура-лық режимнің сақталуын бақылау, қамтамасыз ету және шаруашылық бөлімінің жұмысын үйлестіру		Жыл бойы	Директор Е.Оспанов ДО: Н.Нөсеров	

21	Мектеп асханасының жұмысы		Жыл бойы	Директор Е.Оспанов	
22	Зертханашылардың қызметін үйлестіру басшылық пен бақылау жасау.		Жыл бойы	ДО: С.Нуржанов ДО: Г.Мұздыбаева	
23	Оқу процесінің өз дәрежесінде жүруі және сабақ кестесінің қатаң сақталуын қамтамасыз ету		Жыл бойы	ДО: С.Нуржанов ДО: Г.Мұздыбаева	

Мектеп директоры:

Е.Оспанов

V БӨЛІМ. МЕКТЕПТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Қай жерде қаралады	Түпкі нәтиже
1.	Сабақ кестесін құру	Тамыз	ДОІЖО		Сабақ кестесі
2.	Директор орынбасарларының жұмыс графигін жасау	Тамыз	Директор	Апталық әкімшілік кеңесі	График
3.	Тарификацияға, ОШ-1 есебін тапсыруға құжаттамаларды дайындау	Тамыз	ДОІЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	
4.	Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар кезекшілігінің графигін құру	Тамыз	Мектеп әкімшілігі	Апталық әкімшілік кеңесі	Кезекшілік графиктері
5.	Оқу жүктемесін, сынып жетекшілікті, кабинет меңгерушілікті, үйірме жетекшілікті бөлу	Тамыз	Директор орынбасарлары	Педкеңес	Бұйрық
6.	Мектеп кітапханасы, асхана, дәрігер, спортзалының жұмыс режимдерін бекіту	Тамыз	Директор		Бұйрық
7.	Мектеп бойынша іс-шаралар циклограммасын жасау	Тамыз	Директор		Цикло-грамма
8.	Білім мекемесінің даму жоспарын дайындау және бекіту	Тамыз	Директор	Педкеңес	Хаттама
9.	Тарификация, білім бөлімдеріне есеп тапсыру	Қыркүйек	ДОІЖО		Тарификация, есеп
10.	Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, пән апталықтарының, мектепшілік олимпиадаларын өткізу графиктерін бекіту	Қыркүйек	Директор орынбасарлары	Әдістемелік кеңес	Графиктер
11.	Оқу жылының басындағы қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуін ұйымдастыру.	Қыркүйек	Медбике	Директор жанындағы мәжіліс	Есеп
12.	Білім мекемесінің нормативтік-құқықтық базасының жағдайы	Қазан	Директор	Директор жанындағы мәжіліс	
13.	Бақылау, лабораториялық және практикалық жұмыстарды өткізу графиктерін жасау	Қыркүйек, қаңтар	ДОІЖО		Графиктер
14.	1-сынып оқушыларына қосымша демалыс күндері.	Ақпан	ДОІЖО		

15.	Мектеп қызметкерлерінің жазғы демалыс графигін жасау	Наурыз	Директор		График
16.	Бітіруші сынып оқушыларының консультация, емтихан кестелерін жасау	Сәуір	ДОІЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Кестелер, бұйрықтар
17.	Емтихан материалдарын бекіту	Мамыр	Директор		
18.	Оқулықтарды мектеп кітапханасына тапсыру	Мамыр, маусым	Кітапханашы, сынып жетекшілері		

VI БӨЛІМ. ПЕДАГОГ МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

<i>№</i>	<i>Іс-шаралар</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауапты</i>	<i>Түпкі нәтиже</i>
	Мұғалімдердің біліктілігін арттыру			
1.	Мұғалімдердің кәсіби деңгейін диагностикалау, кәсіби өсу картасын әзірлеу	Қыркүйек	ӘБЖ жетекшісі	Диагностикалық карта
2.	Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша курстан өту жоспарын жасау	Қыркүйек	ДОІЖО	График
3.	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру	Жыл бойы	ДОІЖО	Сертификаттар
4.	Физика, химия, биология, информатика пәндері мұғалімдерінің үштілді білім беруге дайындық бойынша біліктілігін арттыру	Жыл бойы	ДОІЖО	Сертификаттар
5.	Педагогикалық желілік қауымдастық жұмысын жандандыру	Жыл бойы	ДОІЖО	Желілік қауымдастық
6.	Педагогтердің жалпы санынан бірінші және жоғары санаты бар педагогтердің үлесін арттыру	Жыл соңы	ДОІЖО	Динамика
7.	Мұғалімнің рейтингісін анықтау бағытында жұмыстар ұйымдастыру	Жартыжылдық сайын	ДФӘЖЖО	Рейтинг диаграммасы
8.	Мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтеру мақсатында байқаулар, семинарлар, іскерлік ойындар өткізу	Жыл бойы	ДФӘЖЖО	БАҚ беттерінде жариялау
	Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау			
1.	Бұйрықтар дайындау: - Мектепшілік аттестаттау комиссиясын құру туралы; - Эксперттік топ құру туралы; - Мұғалімдердің біліктілік санатын көтеру аттестаттауын өткізу туралы.	Қыркүйек	ДОІЖО	Бұйрық
2.	Аттестаттаудан өту туралы өтініш-арыздарды қабылдау, мұғалімдердің тізімін анықтау	Ағымдағы оқу жылдың 25 мамырына дейін	ДОІЖО	Тізім
3.	Аттестаттау мәселесі бойынша стенд дайындау	Қазан	ДОІЖО	Стенд
4.	Семинар: «Нормативтік-құқықтық база және аттестаттау мәселелері бойынша әдістемелік нұсқаулар»	Қазан	ДОІЖО	Жоспар, мәлімет
5.	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдерге кеңес: «Өз педагогикалық іс-әрекетіне талдау жасау»	Қараша	ДОІЖО	Нұсқаулар, ұсыныстар

6.	Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің құжаттарын әзірлеу, сабақтарына қатысу, нәтижесін бақылау	Жыл бойы	Директор орынбасарлары	Аттестаттау материалдары
7.	Мұғалімдердің аттестаттау жұмыстарының қорытындысын жасау	Наурыз	ДОІЖО	Бұйрық, есеп
	Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, тарату			
1.	Озық педагогтердің жұмыс жүйесін зерттеу және талдау. Зерттелетін, жинақталатын тәжірибенің озық тәжірибені бағалау белгілеріне сәйкестігін анықтау	Қыркүйек-қазан	ДФӘЖЖО, ӘБ жетекшілері	Зерттеу материалдары
2.	Педагогикалық кеңестерде, әдістемелік бірлестік отырысында озық тәжірибені талқылау, шешімдер шығару	Қазан	ДФӘЖЖО, ӘБ жетекшілері	Бұйрық
3.	Ашық сабақтар арқылы тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл бойы	ДФӘЖЖО, ӘБ жетекшілері	Жоспарлар
4.	Озық тәжірибені тарату мақсатында тәжірибені іс жүзінде көрсету (коучинг, лессон-стади, шебер-сыныптар, семинарлар)	Жыл бойы	ДФӘЖЖО	Есептер
5.	Озық тәжірибе көрмесін ұйымдастыру, апталық өткізу	Сәуір	ДФӘЖЖО, ӘБ жетекшілері	Есептер
6.	Тәжірибе материалдарын аудандық әдістемелік кабинетке ұсыну, баспасөз беттеріне жариялау	Мамыр	ДФӘЖЖО, ӘБ жетекшілері	Бұйрық
7.	Іс-тәжірибесі жинақталған мұғалімдердің жұмысын қорытындылау	Мамыр	ДФӘЖЖО	БАҚ беттерінде жариялау
	Жас маманмен жұмыс			
1.	Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту	Қыркүйек	ДОІЖО	Бұйрық
2.	Жас мамандардың кәсіптік деңгейін және әдістемелік дайындығын зерттеу	Қыркүйек	ДФӘЖЖО	Зерттеу материалдары
3.	Стандарт талабының орындалуы туралы, журнал толтыру, техника қауіпсіздігі, жеке іс-қағаздарды толтыру, жоспар құру, сабақтың құрылымы туралы жас мамандарға кеңес беру	Қыркүйек	ДФӘЖЖО, тәлімгер мұғалімдер	Нұсқаулар, ұсыныстар
4.	Өз білімін көтеру бойынша жас мұғалімдерден сауалнама алу	Қазан	ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Сауалнама
5.	«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері» тақырыбында коучинг өткізу	Қараша	ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Коучинг жоспары, мәлімет
6.	Жас мұғалімдерді тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатыстырып әдістемелік көмек көрсету	Жыл бойы	Тәлімгерлер	Нұсқаулар, ұсыныстар
7.	Жас мамандар үшін «Мұғалім құзыреттілігі» тақырыбына семинар өткізу	Қаңтар	ӘБ жетекшілері, тәлімгерлер	Есеп
8.	Жас мамандардың ашық сабақтарын ұйымдастыру	Кестеге сәйкес	Тәлімгерлер	Есеп

9.	Жас мамандардың шығармашылық көрмесі	Сәуір	Тәлімгерлер	Көрме
----	--------------------------------------	-------	-------------	-------

VII БӨЛІМ. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

<i>№</i>	<i>Іс-шаралар</i>	<i>Жауапты</i>	<i>Қай жерде қаралады</i>	<i>Түпкі нәтиже</i>
	Тамыз			
1.	Бейінді сыныптарды комплектілеу	ДОІЖО	Педкеңес	Бұйрық
2.	Тереңдетіліп оқытылатын пәндерді анықтау және бекіту	ДОІЖО	Педкеңес	Бұйрық
3.	Элективті курстардың бағдарламаларын, жоспарларын бекіту	ДОІЖО	Педкеңес	Бұйрық
4.	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен танысу, жүзеге асыру жоспарын жасау	ДОІЖО	Педкеңес	Даму жоспары
5.	Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартының (25.04.2015) ерекшеліктерімен танысу, талқылау	ДОІЖО, ДТЖЖО	Дөңгелек үстел	Бастауыш сынып мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары
6.	Мектептің жылдық жұмыс жоспарын, күнтізбелік-тақырыптық, жоспарларды, жаңа оқыту бағдарламаларын бекіту	Директор және орынбасарлары	Педкеңес	Бұйрық
7.	Үйірме, факультатив, спорт секцияларының жұмыс жоспарын бекіту	ДОІЖО	Педкеңес	Бұйрық
	Қыркүйек			
8.	Жаңартылған білім стандартын 1-сыныптарда енгізу	Дир. орынбасарлары	Директор жанындағы мәжіліс	Оқу бағдарламалары
9.	Оқу-тәрбие үдерісінің бастапқы жағдайына және білім беру үдерісінің нәтижесіне мониторинг жүргізу	Дир. орынбасарлары	Әдістемелік кеңес	Мониторинг
10.	Білім мен ғылымның кірігуін қамтамасыз ету мақсатында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелері бойынш ЖОО-мен байланысты нығайту	ДҒӘЖЖО	Әдістемелік кеңес	Келісім-шарттар
11.	5-сынып оқушыларының жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделу жағдайы	Мектеп әкімшілігі	Педконсилиум	Анықтама
12.	1-сыныптарда бейімдеу кезеңін ұйымдастыру	ДОІЖО	Директор жанындағы мәжіліс	Мәлімет
13.	Оқушылардың ғылыми қоғамын құру, жұмыс жоспарын жасау	ДҒӘЖЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Жоспар

14.	Дарынды балаларды анықтау бойынша диагностика жұмыстары	ДҒӘЖЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Диагностика материалдары
15.	Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау	Директор, дир. орынбасарлары, психолог, дефектолог	Директор жанындағы мәжіліс	Арнайы сыныптар ашу, сабақтар, кеңестер
	Қазан			
16.	Бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушыларына психологиялық қолдау көрсету	Психолог	Апталық әкімшілік кеңесі	Кеңестер. ұсыныстар
17.	Оқушылардың мектепшілік пән олимпиадаларын ұйымдастыру және өткізу.	ДОҒЖО	Директор жанындағы мәжіліс	Бұйрық, жоспар
18.	МАН-қа дайындық жұмыстары	ДОҒЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Мәлімет
19.	11-сыныптарда психологиялық-педагогикалық консилиум	ДОҒЖО	Директор жанындағы мәжіліс	Консилиум материалдары
20.	Салтанатты жиын: Мұғалімдер Күнін атап өту	Дир. орынбасарлары	Апталық әкімшілік кеңесі	Үздік мұғалімдерді марапаттау
21.	Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық байқауына қатысу	ДОҒЖО	Апталық әкімшілік кеңесі	Сертификаттар
22.	Ашық есік күні: оқушылардың білім алуы мен тәрбие мәселелері бойынша пікір алмасу	Директор орынбасарлары	Апталық әкімшілік кеңесі	Есеп
	Қараша			
